

**"Азаматтық авиацияда аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 420 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 13 қазандағы № 537 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 20 қазанда № 24832 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Азаматтық авиацияда аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 420 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15427 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Азаматтық авиацияда аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету қағидаларда:

2-тармақтың 147) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"147) SNOWTAM – әуеайлақтың жұмыс алаңында қардың, мұздың, батпақтың, қыраудың, тұрып қалған судың немесе қардың, батпақтың, мұздың немесе қыраудың еруі нәтижесінде пайда болған судың болуына байланысты қауіпті жағдайлардың болуы немесе тоқтатылуы туралы хабарлауды, ұшу-қону жолағы бетінің жай-күйі туралы хабарламаны қамтитын стандартты форматта берілетін арнайы сериялы NOTAM.";

мынадай мазмұндағы 14-1-тармағымен толықтырылсын:

"14-1. Аэронавигациялық деректер мен аэронавигациялық ақпарат әртүрлі форматта ұсынылған жағдайларда деректер мен ақпараттың әртүрлі форматта келісілуін қамтамасыз ету процестері енгізіледі.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. ААҚ Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның "Аэронавигациялық ақпарат қызметтері" 15-қосымшасының және Аэронавигациялық ақпарат қызметтері жөніндегі нұсқаулық (Doc 8126, ИКАО құжаты) талаптарына сәйкес, сондай-ақ "Аэронавигациялық қызмет көрсету қағидалары. Аэронавигациялық ақпаратты басқару" ИКАО PANS-AIM құжатына (Doc 10066) сәйкес аэронавигациялық ақпарат өнімдері жариялануын қамтамасыз етеді.";

мынадай мазмұндағы 18-1-тармағымен толықтырылсын:

"18-1. ААҚ ақпаратты басқару процестерін айқындайды, ал АҚК берушісі ӘҚҰ жүйесінің шеңберінде кепілдік берілген сападағы аэронавигациялық деректер мен

аэронавигациялық ақпаратты уақтылы жинауды, өңдеуді, сақтауды, біріктіруді, алмасуды және жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында ААҚ-ны ресурстармен (персонал, жабдық, бағдарламалық қамтамасыз ету, қаржыландыру және басқалар) қамтамасыз етеді.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Әуе кемелерінің ұшуын қамтамасыз ету, әуе қозғалысына қызмет көрсету және әуе қозғалысын басқару мақсаттары үшін ұсынылатын аэронавигациялық ақпарат (аэронавигациялық деректер) өнімдеріне цифрлық деректер массивтері түрінде немесе стандартталған форматта баспа түрінде немесе электрондық жеткізгіштерде мыналар жатады:

1) AIP, оның ішінде оған енгізілген түзетулер мен толықтырулар;

2) Әуеайлақ схемалар және аэронавигациялық карталар;

3) AIC;

4) PIB, оның ішінде ұшқаннан кейінгі ақпараты;

5) NOTAM хабарламалары, оның ішінде бақылау тізбелері мен қолданыстағы NOTAM тізбелері;

6) Жергілікті жер мен кедергілер туралы электрондық деректер.";

55-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"55. AIP-ке түзетулер шығарылған жағдайда, ол AIP-ке толықтырулардың реттік нөмірлеріне немесе түзетуге енгізілген NOTAM сериялары мен нөмірлеріне сілтемелерді қамтиды.";

57-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"57. AIRAC жүйесі бойынша күнге ешқандай ақпарат ұсынылмаған жағдайларда NIL хабарламасы NOTAM бақылау тізбесі арқылы AIRAC жүйесі бойынша тиісті күшіне ену күніне дейін бір циклдан кешіктірілмей жіберіледі.";

мынадай мазмұндағы 79-1-тармағымен толықтырылсын:

"79-1. Ұшу алдындағы жоспарлау мақсатында ұсынылатын аэронавигациялық ақпарат аэронавигациялық ақпарат өнімдерінің элементтерінен пайдалану мәні бар ақпаратты қамтиды.";

86-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"86. Әуеайлақтарда (тікұшақ айлақтарында) ұшу экипажының мүшелерінен аэронавигациялық құралдар мен қызметтердің жағдайы мен жұмысы туралы ақпаратты немесе әуеайлақ маңында құстардың болуы туралы, сондай-ақ жабайы жануарлар тудыратын қауіптің бар-жоғы туралы ақпаратты қабылдау қамтамасыз етеді және қажеттілікке сәйкес кейіннен тарату үшін осы ақпаратты АҚК берушісіне беруді қамтамасыз етеді.";

мынадай мазмұндағы 88-1-тармағымен толықтырылсын:

"88-1. Әуеайлақ/тікұшақ айлағы жамылғысында қар, батпақ, мұз, қар, тұрып қалған су немесе қардың еруі нәтижесінде пайда болған су туралы ақпарат әуеайлақ

пайдаланушысынан SNOWTAM басылымына тиісті өтінім берілген жағдайда SNOWTAM арқылы жіберіледі.";

91-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"91. Белгіленген қауіпті және тыйым салынған аймақтарға, сондай-ақ ұшуларды шектеу аймақтары және авариялық-құтқару іс-шаралары кезіндегі шектеулерден өзгеше әуе кеңістігіндегі уақытша шектеулермен байланысты қызметтер туралы ережені қолданысқа енгізу туралы хабарлама, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 12 мамырдағы № 506 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану қағидасында көрсетілген күтпеген мән-жайлар туындаған кездегі жағдайларды қоспағанда, күнтізбелік 7 күн ішінде жіберіледі.";

93-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"93. AIP-қа енгізілетін түзету немесе толықтыру AIRAC қағидаларына сәйкес жарияланған жағдайда, осы түзетудің немесе толықтырудың қысқаша мазмұнымен, күшіне ену күні және уақытымен, реттік нөмірімен NOTAM жасалады. Аталған NOTAM түзету немесе толықтыру күшіне енген күн мен уақытта күшіне енеді және ұшу алдындағы ақпарат бюллетенінде күнтізбелік 14 күн бойы қалады.

14 күннен кем әрекет ететін AIP-ке толықтыру болған жағдайда, көрсетілген NOTAM AIP-ке толықтырудың барлық қолданылу мерзімі ішінде күшінде қалады.";

мынадай мазмұндағы 94-1-тармағымен толықтырылсын:

"94-1. SNOWTAM осы Қағидаларға 5-1-қосымшада көрсетілген форматқа сәйкес толтырылады.";

мынадай мазмұндағы 103-1 және 103-2-тармақтарымен толықтырылсын:

"103-1. Осы NOTAM-да қамтылған тұрақты сипаттағы ақпараты бар NOTAM шығарылған сәттен бастап үш ай ішінде ақпарат аэронавигациялық ақпараттың тиісті өнімдеріне енгізіледі.

103-2. Егер күтпеген мән-жайлар бойынша NOTAM-тың қолданылу мерзімі болжамды үш айлық кезеңнен асып кетсе, онда шарттың күтілетін ұзақтығы AIP-қа толықтыруды шығаруды талап ететін үш айдан асатын жағдайларды қоспағанда, оны алмастыратын NOTAM шығарылады.";

мынадай мазмұндағы 134-1, 134-2 және 134-3-тармақтарымен толықтырылсын:

"134-1. ААҚ персоналы сапаны басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылатын аэронавигациялық ақпаратты қамтамасыз ету рәсімдерімен танысады және басшылыққа алады.

134-2. Аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші сапаны басқарудың қолданыстағы жүйесіне сәйкестікті қамтамасыз етуге ішкі бақылауды жүзеге асырады.

134-3. Сапаны басқару жүйесінің қойылатын талаптарға сәйкестігін растау сыртқы немесе ішкі тексерулер жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Сәйкессіздік анықталған жағдайда оның себебі айқындалады және негізсіз кідіріссіз осындай сәйкессіздікті жою үшін тиісті іс-қимылдар қолданылады. Тексеру қорытындылары бойынша барлық

тұжырымдар мен кемшіліктерді жою жөніндегі іс-қимылдар фактілермен расталады және тиісті түрде құжатталады.";

142-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"142. ААҚ ұсыну алдында аэронавигациялық ақпарат өнімінің бір бөлігі ретінде енгізілетін шығарылуға жататын материал оның барлық қажетті ақпаратты қамтуын және барлық бөлшектерде дұрыс болуын қамтамасыз ету үшін толық тексеріледі.";

осы Қағидаға 4-қосымшада:

64-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"64. Аэронавигациялық деректер.

Әуеайлақтар. Ұшып шығу әуеайлағы ҰҚЖ орналасқан жерінің схемасының суретімен белгіленеді.

Аспаптар бойынша алдын ала жазылған стандартты ұшып шығуға әсер ететін барлық әуеайлақтар көрсетіледі немесе белгіленеді. Қажет болған жағдайда, әуеайлақтағы ҰҚЖ-ның орналасқан жері көрсетіледі.

Тыйым салынған аймақтар, ұшуға шектелген аймақтар және қауіпті аймақтар. Ұшу схемаларын орындауға әсер етуі мүмкін тыйым салынған аймақтар, ұшуға шектелген аймақтар немесе қауіпті аймақтар өзінің белгілері мен тік шекараларымен көрсетіледі.

Сектордағы ең төмен абсолюттік биіктік. Картаға секторы нақты көрсетілген секторда белгіленген ең төмен абсолюттік биіктік белгіленеді.

Егер сектордағы ең төмен абсолюттік биіктік белгіленбесе, карта масштабта көрсетіледі және аймақтағы ұшудың ең төмен абсолюттік биіктіктері параллельдермен және меридиандармен құралатын квадрат шегінде көрсетіледі. Аймақтағы ұшудың ең төмен абсолюттік биіктігі ең төмен абсолюттік биіктік белгіленген сектормен қамтылмаған картаның бөліктерінде көрсетіледі.

ӘҚҚ жүйесі. Картада тиісті белгіленген ӘҚҚ-ның жүйелерінің құрауыштары көрсетіледі.

Мұндай құрауыштар мыналарды қамтиды:

1) әрбір аспаптар бойынша ұшып шығу стандартты бағытының графикалық сипаттамасы, оның ішінде:

бағыт индексі;

бағыттарды белгілейтін негізгі нүктелер;

ең жақын градусқа дейінгі дәлдікпен бағыттың әрбір учаскесі бойындағы жол сызықтары немесе радиал;

ең жақын километр немесе теңіздік мильге дейінгі дәлдікпен негізгі нүктелер арасындағы қашықтық;

бағыттағы немесе бағыт учаскесіндегі кедергілерді ұшып өтудің ең төмен абсолюттік биіктігі және ең үлкен мәнге дейін дөңгелектенген ең жақын 50 м немесе 100 футқа дейінгі дәлдікпен схемада көзделген абсолюттік биіктік және ұшу эшелондарына қатысты шектеулер, егер ондайлар белгіленген болса;

карта масштабта орындалса және ұшып шығу кезінде ең үлкен мәнге дейін дөңгелектенген ең жақын 50 метрге немесе 100 футқа дейінгі дәлдікпен векторлаудың белгі қойып белгіленген ең төмен абсолюттік биіктіктер радиолокациялық бағыттауды қамтамасыз етеді.

2) бағытпен (бағыттармен) байланысты радионавигациялық құрал (құралдар), оның ішінде:

егер радионавигациялық құрал қалыпты навигация үшін пайдаланылса:

ашып жазылған атауы;

белгілері;

Морзе коды;

жиілігі;

градустар, минуттар және секундтардағы географиялық координаталар;

DME үшін, 30 метрге (100 фут) дейінгі дәлдікпен тарататын DME антеннасының арналары мен асып түсуі;

егер радионавигациялық құрал аймақтық навигация үшін негізгі нүкте ретінде пайдаланылса:

ашып жазылған атауы;

белгілері;

3) радионавигациялық құралдың орналасқан жері бойынша белгіленбеген негізгі нүктелер, соның ішінде:

егер негізгі нүкте қалыпты навигация үшін пайдаланылса:

кодтық атауы;

градустар, минуттар және секундтардағы географиялық координаталар;

тірек радионавигациялық құралдан  $0,1^\circ$  дейінгі дәлдікпен пеленг;

тірек радионавигациялық құралдан 0,2 км (0,1 т. миль) дейінгі дәлдікпен қашықтық;

тірек радионавигациялық құралдың белгіленуі;

егер негізгі нүкте аймақтық навигация үшін пайдаланылса:

кодтық атауы;

4) күту аймағындағы қолданылатын ұшу схемалары;

5) ең үлкен мәнге дейін дөңгелектенген ең жақын 300 метрге немесе 1000 футқа дейінгі дәлдікпен ауысудың абсолюттік/қатыстық биіктігі;

6) кедергілерді белгілеу жазықтығы (OIS) үшін шығатын, жақын орналасқан кедергілердің орналасқан жері мен қатысты биіктігі. Схеманың жарияланған градиентін есептеу кезінде ескерілмеген, OIS үшін шығатын жақын орналасқан кедергілер бар болған кезде тиісті ескертпелер беріледі.

7) аймақта жылдамдық бойынша шектеулер, егер олар белгіленсе;

8) навигациялық сертификаттау белгісі, кез келген шектеулер бар болса, соларды қоса;

9) жеткізулер мен "сұрау салу бойынша" жеткізулерді міндетті таратуға арналған барлық соңғы пункттер;

10) радиобайланыс қағидалары, оның ішінде:

ӘҚҚ органының (органдарының) шақыру белгісі (шақыру белгілері); жиіліктер;

қажет болған жағдайда, қабылдағыш-таратқыштардың деректерін енгізу;

11) "флайовер" негізгі нүктелерін көрсету.

Аэронавигациялық деректер базасымен байланысты талаптар. Деректер базасын кодтауды қамтамасыз ететін тиісті деректер картаның артқы бетінде немесе тиісті сілтемелермен бір бетте жарияланады.";

73-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"73. Аэронавигациялық деректер.

Әуеайлақтар. Қону әуеайлағы ҰҚЖ орналасу схемасының бейнесімен белгіленеді.

Аспаптар бойынша стандартты ұшып келудің алдын ала белгіленген бағытына әсер ететін барлық әуеайлақтар көрсетіледі немесе белгіленеді. Қажет болған жағдайда, әуеайлақтағы ҰҚЖ орналасуы көрсетіледі.

Тыйым салынған аймақтар, ұшуға шектелген аймақтар мен қауіпті аймақтар. Ұшу схемасының орындалуына әсер етуі мүмкін тыйым салынған аймақтар, ұшуға шектелген аймақтар мен қауіпті аймақтар өзінің белгілерімен және тік шекараларымен бірге көрсетіледі.

Сектордағы ең төменгі абсолюттік биіктік. Картаға өзі кіретін секторды анық көрсететін секторда белгіленген ең төменгі абсолюттік биіктік енгізіледі.

Егер сектордағы ең төменгі абсолюттік биіктік белгіленбеген болса, карта масштабта жасалады және аймақтағы ұшудың ең төменгі абсолюттік биіктіктері параллельдер және меридиандармен жасалатын квадраттардың шегінде көрсетіледі. Сондай-ақ, аймақтағы ұшудың ең төменгі абсолюттік биіктіктері картаның ең төменгі абсолюттік биіктігі белгіленбеген секторға кірмейтін бөліктері көрсетіледі.

ӘҚҚ жүйесі. Картада ӘҚҚ тиісті орнатылған ӘҚҚ жүйесінің құрауштары көрсетіледі.

Мұндай құрауштарға:

1) аспаптар бойынша стандартты ұшып келудің әрбір маршрутының графикалық сипаттамасы, оның ішінде:

маршруттың индексі;

маршрутты айқындайтын негізгі нүктелер;

ең жақын градусқа дейінгі дәлдікпен маршруттың (маршруттардың әрбір учаскесінің бойындағы жол сызығы немесе радиал;

ең жақын километрге немесе теңіздік мильге дейінгі дәлдікпен негізгі нүктелер арасындағы қашықтық;

маршруттағы немесе маршрут учаскелеріндегі кедергілерден ұшып өтудің ең төменгі абсолюттік биіктіктері және көбірек мәнге дейін дөңгелектелген ең жақын 50 метрге немесе 100 футқа дейінгі дәлдіктегі схемада көзделген абсолюттік биіктіктер және, егер белгіленген болса, ұшу эшелондарына қатысты шектеулер;

егер карта масштабта орындалса және ұшып келу кезінде радиолокациялық бағыттау қамтамасыз етілсе, көбірек мәнге дейін дөңгелектелген ең жақын 50 метрге немесе 100 футқа дейінгі дәлдіктегі анық белгі қойып белгіленген ең төменгі абсолюттік биіктіктер;

2) маршрутпен (маршруттармен) байланысты радионавигациялық құрал ( радионавигациялық құралдар), оның ішінде:

егер радионавигациялық құрал қалыпты навигация үшін пайдаланылса:

ашып жазылған атауы;

белгілері;

Морзе коды;

жиілігі;

градустар, минуттар және секундтардағы географиялық координаталар;

DME үшін, 30 метрге (100 фут) дейінгі дәлдікпен тарататын DME антеннасының арналары мен асып түсуі;

егер радионавигациялық құрал аймақтық навигация үшін негізгі нүкте ретінде пайдаланылса:

ашып жазылған атауы;

белгілері;

3) радионавигациялық құралдың орналасқан жері бойынша белгіленбеген негізгі нүктелер, соның ішінде:

егер негізгі нүкте қалыпты навигация үшін пайдаланылса:

кодтық атауы;

градустар, минуттар және секундтардағы географиялық координаталар;

тірек радионавигациялық құралдан 0,1 ° дейінгі дәлдікпен пеленг;

тірек радионавигациялық құралдан 0,2 км (0,1 т. миль) дейінгі дәлдікпен қашықтық;

тірек радионавигациялық құралдың белгіленуі;

егер негізгі нүкте аймақтық навигация үшін пайдаланылса:

кодтық атауы;

4) күту аймағында қолданылатын ұшу схемалары;

5) көбірек мәнге дейін дөңгелектелген ең жақын 50 метрге немесе 100 футқа дейінгі дәлдіктегі ауысудың абсолюттік/салыстырмалы биіктігі;

6) егер олар белгіленген болса, аймақтағы жылдамдық бойынша шектеулер;

7) егер олар белгіленген болса, кез келген шектеулермен қоса навигациялық ерекшеліктің (ерекшеліктердің) белгісі;

8) хабарламалар мен "сұрау салу бойынша" хабарламаларды міндетті таратудың барлық бақылау пункттері;

9) байланыс қағидалары, оның ішінде:

ӘҚҚ органының (органдарының) шақыру белгісі;

жиілігі;

қажет болған жағдайда, қабылдау және жауап беру деректерін енгізу;

10) "флайовер" негізгі нүктелерін көрсету.

Аэронавигациялық деректер базасымен байланысты талаптар. Навигациялық деректер қорын кодтауды қамтамасыз ететін тиісті деректер картаның арғы бетіне немесе тиісті сілтемелері көрсетіле отырып, жеке парақта жарияланады.";

82 және 83-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"82. Аэронавигациялық деректер.

Әуеайлақтар. Сипаттық белгілері әуеден жақсы көрінетін барлық әуеайлақтар тиісті шартты белгімен белгіленеді. Қараусыз қалған әуеайлақтардың белгісі "Қараусыз қалған" белгісімен қоса жүреді.

ҰҚЖ схемасы мыналар үшін (жеткілікті түрде үлкен масштабта көрнекіліктер үшін ) келтіріледі:

1) аталған тәртіп қолданылатын әуеайлақ;

2) әуе қозғалысының схемасына әсер ететін немесе қолайсыз ауа райы жағдайларында олар межелі әуеайлақ деп есептелуі мүмкін болып орналасқан әуеайлақтар.

Әуеайлақтың асып түсуі ең жақын метр немесе фунтқа дейінгі дәлдікпен картаның ашық жерінде көрсетіледі.

Картада ҰҚЖ табалдырығының артуы немесе, тиісті жағдайларда, ең жақын метр немесе фунтқа дейінгі дәлдікпен қону аймағы артуының ең үлкен мәні көрсетіледі.

Кедергілер. Карта жоспарының түрінде кедергілер көрсетіледі.

Кедергілердің жоғарғы нүктелерінің артуы бір метр немесе бір фунтқа дейінгі дәлдікпен көрсетіледі (дөңгелектеу арту жағында жүргізіледі).

Орташа теңіз деңгейіне емес, өзге бастапқы деңгейге қатысты, бастапқы есептік деңгей үшін кедергілердің биіктіктерін белгілеу кезінде әуеайлақтың артуы қолданылады; табалдырықтың артуы 2 метр (7 фут) аспайтын жабдықталған ҰҚЖ бар әуеайлақтарда әуеайлақтың асып түсу мәнінен аз болған жағдайда, бастапқы есептік деңгей үшін ҰҚЖ табалдырығының артуы қолданылады, оған аспаптар бойынша қонуға кіру жүргізіледі.

Теңіздің орта деңгейінен басқа бастапқы деңгей қолданылған жағдайда, ол туралы картаның ашық жерінде тиісті белгілер қойылады.

1-санат бойынша қонуға дәл кіру үшін жабдықталған ҰҚЖ үшін кедергілерден бос аймақ белгіленбеген жағдайда, ол туралы көрсетіледі.

Көзбен шолу учаскенің (VSS) бетінен шығатын кедергілер картада көрсетіледі.



Тыйым салынған аймақтар, ұшуға шектелген аймақтар және қауіпті аймақтар. Ұшу схемаларын орындауға әсер етуі мүмкін тыйым салынған аймақтар, ұшуға шектелген аймақтар немесе қауіпті аймақтар өзінің белгілері мен тік шекараларымен көрсетіледі.

Радиобайланыс құралдары және навигациялық құралдар. Картада аспаптар бойынша қонуға кіру үшін қажетті радионавигациялық құралдар, олардың жиіліктері, жол сызықтары бойынша белгілері мен бағыттау сипаттамалары, егер ондайлар бар болса, көрсетіледі. Бірнеше станциялар орналасқан қонуға кірудің соңғы учаскесінің жол сызығындағы схемалар болған жағдайда, картада жол сызығы бойымен бағыттау үшін қолдануға жататын құрал көрсетіледі. Бұдан басқа, мүмкін болған жағдайда, қонуға кіру картасынан схемада қолданылмайтын құралдар алынып тасталады.

Егер радионавигациялық құрал аймақтық навигация үшін негізгі нүкте ретінде пайдаланылса, тек оның атауы ашық мәтінмен және белгіленуі көрсетіледі.

Картаға қонуға кіру бастапқы кезеңінің соңғы нүктесі (IAF), қонуға кіру аралық кезеңінің соңғы нүктесі (IF), қонуға кіру соңғы кезеңінің соңғы нүктесі (FAF) (немесе ILS бойынша қонуға кіру схемасына арналған қонуға кіру соңғы кезеңінің нүктесі (FAP)), екінші айналымға кету нүктесі (MAPt), егер ол болса, және басқа да соңғы нүктелер немесе схемаға кіретін нүктелер белгіленеді және көрсетіледі.

Картаға жол сызықтары болған жағдайда оған бағыттау сипаттамаларын көрсете отырып, қосымша әуеайлаққа кету кезінде пайдаланылуы мүмкін радионавигациялық құралдар түседі немесе көрсетіледі.

Картада аспаптар бойынша қонуға кіруді орындау үшін қажетті радиобайланыс құралдарының жиіліктері және шақыру белгілері көрсетіледі.

Картада егер деректер аспаптар бойынша қонуға кіру үшін қажет болса әрбір радионавигациялық құралдан әуеайлаққа дейінгі арақашықтық ең жақын километрге немесе теңіздік мильға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі. Егер жол сызықтары бойынша бағыттау құралдарының еш бірі әуеайлаққа пеленгіті көрсетпесе ол да картада ең жақын градуустағы дәлдікпен көрсетіледі.

Сектордағы ең төменгі абсолюттік биіктігі немесе әуеайлақ ауданына келудің абсолюттік биіктігі. Картада қай секторға жататындығы анық көрсетіле отырып өкілетті орган белгілеген сектордағы ең төмен абсолюттік биіктігі немесе әуеайлақ ауданына келудің абсолюттік биіктігі көрсетіледі.

Схеманың жол сызықтарының бейнеленуі. Жоспардағы көрінісі мынадай әдістермен бейнеленетін төменде аталған мәліметтерден тұрады:

3) ұшу бағытын көрсететін бағыттауыштары бар тұтас сызықтар арқылы қонуға кіру кезіндегі жол сызықтары;

4) стрелкалары бар үзік сызықтар арқылы екінші айналымға кету кезіндегі жол сызықтары;

5) нүктелі үзік сызықтар және бағыттауыштар арқылы схеманың кез келген қосымша жол сызықтары;

6) ең жақын градусқа дейінгі дәлдікпен пеленгтер, жол сызықтары, радиалдар және ең жақын оннан екі километрге немесе оннан бір теңіздік миляға дейінгі арақашықтық немесе осы схемаға қажетті уақыт;

7) жол сызықтары бойынша бағыттау радиоқұралдары болмаған жағдайда қонуға кірудің соңғы кезеңінде пайдаланылатын радионавигациялық құралдардан әуеайлақтағы магнитті пеленгтің ең жақын градусына дейінгі дәлдікпен көрсетіледі;

8) көзбен шолу маневрлеріне (айналып ұшу) тыйым салынатын кез келген сектордың шекаралары;

9) белгілі жағдайларда күту аймағында ұшу схемасы және қонуға кіру мен екінші айналымға кетуге байланысты ұшу аймағында ұшудың ең төмен абсолюттік/салыстырмалы биіктігі;

10) қажеттілігіне қарай картаның бетінде көрінетін жерінде көрсетілетін тиісті ескертулер;

11) "флайовер" негізгі нүктелерін көрсету.

Пішін, әдетте, жоспардағы бейнесінен кіші болып бейнеленуі және мына мәліметтерді қамтуы тиіс:

12) әуеайлақ – әуеайлақтан асу деңгейінде тұтас тікбұрыш түрінде;

13) қонуға кіру схемасының учаскелер пішіні – ұшу бағытын көрсететін бағыттауыштары бар тұтас сызықтар;

14) екінші айналымға кету схемасының учаскелер пішіні – бағыттауыштарымен және схеманың сипаттамасымен үзік сызықтар;

15) схеманың кез келген қосымша учаскесінің пішіні – бағыттауыштары бар үзік сызықтар;

16) ең жақын градусқа дейінгі дәлдікпен пеленгтер, жол сызықтары, радиалдар және ең жақын оннан екі километрге немесе оннан бір теңіздік миляға дейінгі арақашықтық немесе осы схемаға қажетті уақыт;

17) ауысудың абсолюттік биіктігін, схеманың абсолюттік/салыстырмалы биіктігін қоса осы схемалар үшін қажетті абсолюттік/салыстырмалы биіктіктер және белгіленген жерлердегі тікұшақ айлақтары қиылысуының (НСН) салыстырмалы биіктігі;

18) келісілген жағдайларда жақын километр немесе теңіздік мильге дейін дәлдікпен стандартты бұрылуды орындау кезіндегі шекті арақашықтық;

19) 180° бұрылуға рұқсат берілмейтін схемалар үшін қонуға кірудің аралық кезеңінің нүктесі немесе бақылау нүктесі туралы деректер;

20) тиісті жағдайларда әуеайлақтан асуды немесе ҰҚЖ табалдырығы орналасқан нүктеден басталатын ұзындық масштабымен қоса картаның барлық ені бойынша өтетін ҰҚЖ табалдырығынан асуды көрсететін сызық.

Әуеайлақтың пайдалану минимумдары. Картада егер мемлекетпен белгіленген болса әуеайлақтың пайдалану минимумдары көрсетіледі.

Схема есептелген әуе кемелерінің санаты үшін кедергілерді ұшып өтудің абсолюттік/салыстырмалы биіктіктері көрсетіледі; қонуға дәл кіру схемасы жарияланатын жағдайда қажеттілігіне қарай DL санатындағы әуе кемелері үшін ( канатының көлемі 65–80 метр және/немесе дөңгелек траекториясы мен глиссадалық антеннаның арасындағы тік аралық 7–8 метр) қосымша ОСА/Н.

### 83. Қосымша ақпарат.

Егер екінші айналымға кетуді бастау нүктесі құрал немесе бақылау нүктесі мен қонуға кірудің соңғы кезеңіндегі бақылау нүктесінен тиісті қашықтықпен қонуға кірудің соңғы кезеңіндегі бақылау нүктесінен қашықтық бойынша анықталса ең жақын оннан екі километрге немесе оннан бір теңіздік мильге дейінгі дәлдікпен қашықтық және қонуға кірудің соңғы кезеңіндегі бақылау нүктесінен екінші айналымға кету нүктесіне дейінгі жол жылдамдығы мен ұшу уақыты көрсетіледі.

Қонуға кірудің соңғы учаскесінде DME пайдаланылуы тиіс болған жағдайда сәйкесінше әрбір 2 километр немесе 1 т.миль үшін абсолюттік/салыстырмалы биіктік кестесі келтіріледі.

Қонуға кірудің соңғы кезеңіндегі бақылау нүктесінен қонуға дәл емес кіру схемаларында пайыздың ең жақын оныншы үлесіне дейінгі дәлдікпен төмендеу градиенті және жақшаның ішінде қонуға кірудің соңғы учаскесіндегі пайдаланылатын градустың ең жақын оныншы үлесіне дейінгі дәлдікпен төмендеу бұрышы көрсетіледі.

Қонуға дәл кіру сұлбаларында және тік бағыттаумен қонуға кіру схемаларында ең жақын жарты метр немесе футқа дейінгі дәлдікпен тірек нүктесінің биіктігі және градустың ең жақын оныншы үлесіне дейінгі дәлдікпен тік жазықтықтағы траекторияның глиссада/орын бұрышы/бұрыш иілу бұрышы.

Егер қонуға кірудің соңғы кезеңіндегі бақылау нүктесі ILS арналған қонуға кірудің соңғы кезеңіндегі нүкте бойынша анықталатын болса оның ILS жүйесіне, тиісті схемаға тек ILS курстық радиомаягының негізінде немесе оның да басқаның да негізінде қолданылатыны анық келісіледі. MLS қатысты егер FAF қонуға кірудің соңғы кезеңіндегі нүктеде көрсетілсе нақты нұсқау беріледі.

Аспаптар бойынша қонуға кіру схемаларының кез келген түрі бойынша қонуға кірудің соңғы учаскесінде төмендеу градиент/бұрышы ең үлкен мәнінен асса ескертетін ескертпе қосылады.

Картада бір мезгілде тәуелсіз немесе тәуелді операциялар үшін рұқсат етілген қонуға кіру схемалары көрсетілген ескертпе келтіріледі. Ескертпе пайдаланылатын ҰҚЖ-ны және олардың жақын орналасқандығы туралы ақпаратты қамтиды.

Аэронавигациялық деректер базасына қойылатын талаптар. Навигациялық деректер базасын кодтауды қамтамасыз ететін тиісті деректер картаның артқы бетіне немесе жеке парақта тиісті сілтемелерімен RNAV пайдалана отырып ұшу схемалары үшін жарияланады.";

5-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес редакциядағы 5-1-қосымшамен толықтырылсын;  
8-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық даму министрі*

*Б. Атамкулов*

Қазақстан Республикасының  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық  
даму министрінің  
2021 жылғы 13 қазандағы  
№ 537 Бұйрыққа  
1-қосымша  
Азаматтық авиацияда  
аэронавигациялық ақпаратпен  
қамтамасыз ету қағидаларына  
2-қосымша

**НОТАМ нысаны**

Шұғылдық көрсеткіші														→	
Мекен жайы															
														≡	
Толтырылған күні мен уақыты														→	
Құрастырушының индексі														≡(	
<b>Хабарламаның сериясы, нөмірі және белгіленуі</b>															
Жаңа ақпаратты қамтитын NOTAM	NOTAMN (серия және нөмір/жыл)														
Алдыңғы NOTAM-ты алмастыратын NOTAM	NOTAMR (серия және нөмір/жыл) (ауыстырылатын NOTAM сериясы мен нөмірі/жылы)														
Алдыңғы NOTAM-ты болдырмайтын NOTAM	NOTAMC (серия және нөмір/жыл) (NOTAM бас тарту сериясы мен нөмірі/жылы)														
<b>Анықтаушылар</b>															
ҰАА	NOTAM коды	Қозғалысы	Мақсат	Қолданылу аясы	Төменгі шекара	Жоғарғы шекара	Координаттар, радиусы								
/	Q	/	/	/	/	/							≡		
Құрал, әуе кеңістігі орналасқан немесе қатынас мәні болып табылатын жағдайлар бар ИКАО орналасқан жердің индексін анықтау							A)						→		
<b>Қолданылу мерзімі</b>															
Басталуы (күні/уақыты тобы)	B)														→
Дейін (PERM) или группа дата/время)	C)									EST* PERM*					≡
Кесте (егер қолданылса)	D)														→
															≡
<b>NOTAM мәтіні; ашық мәтінмен енгізіледі (ИКАО қысқартуларын пайдалана отырып)</b>															
E)													≡		
Төменгі шекара	F)													→	
Жоғарғы шекара	G)													) ≡	
Қолы															

\*Тиісті жағдайларда алып тасталсын.

## NOTAM толтыру

### 1. Жалпы ережелер.

Анықтауыштар жолы (Q-тармағы) және форматта көрсетілген барлық тармақтар (A-дан) G-ге дейін) қоса алғанда) ақпаратты қамтымайтындардан басқа, жабылатын жақшамен беріледі.

## 2. NOTAM нөмірленуі.

Әрбір NOTAM-қа төрт саннан тұратын әріппен және нөмірмен белгіленетін серия беріледі, одан кейін бөлшек белгісі және жылды білдіретін екі саннан тұратын нөмір беріледі (мысалы, A0023/03). Әр серия 1 қаңтарда 0001 нөмірінен басталады.

## 3. Анықтауыштар (Q-тармағы).

Q-тармағында сегіз өріс бар, олардың әрқайсысы бөлшек белгісімен бөлінген. Ақпарат әр өріске енгізіледі. Өрістерді толтыру мысалдары Аэронавигациялық ақпарат қызметтері жөніндегі нұсқаулықта (Doc 8126) келтірілген. Әр өрістің анықтамасы төменде келтірілген:

### 1) ҰАА

